

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталағының
әдіскері С.К. Г.К.Сагпазова

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Аналар- асыл қазынам!»

Өткізген: №1 «Күншуақ»
кіші тобының
тәрбиешісі Тажигалиева М.С

2022-2023 оқу жылы

Аналар – асыл қазынам!

Мақсаты: Балаларға аналар мерекесі туралы түсінік беру. Кейіпкерлермен бірге билеуге, ойнауға қызығушылығын арттыру. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Жүргізуші: Қымбатты аналар, әжелер мерекесін тойлауға жиналып отырмыз.

Жүргізуші:

Тақпақтар:

Жанерке: Анам менің сүйіктім

Тек өзіңе табынам.

Ясина: Анаң болса қасыңда

Басқа бақыт не керек?

Адия: Мен анамды сүйемін

Құшағына енемін.

Алижан: «Боташым» дер саған

Кім сүйікті адам

Ол - менің анам.

Балжан: Анашым деп мақтанам,

Айналайын ақ мамам.

Жалғасбай Дарын: Құтты болсын, анашым,

Құтты болсын мерекең!

Айым: Анам менің «Күнім» дейді

Мен қуансам күлімдейді.

Нарқыз: Анам менің «Айым» дейді

Мен мұңайсам «уайым» жейді.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Ендеше кезекті аналарға арналған әнге берейік.

Ән: Ана деп ән салам

Жүргізуші: Балалар, міне аналарымызға арнап тақпақтар мен әндерімізді айттық. Аналарымызға арналған мереке көктемде болады. Ендеше, біздің мерекмізге көктем мезгілі де келген екен. Көктем мезгілін барлығымыз қошеметпен қарсы алайық.

Есік қағылып көк көйлек киген Ару көктем кіріп келеді.

Ару көктем:

Мен көңілді көктеммін,

Былыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал екенмін.

Гүл боп қырда егілем,

Дән боп жерге себілем.

Жаңбыр болып жауам да,

Нұр боп көктен төгілем.

Шуағын төгіп әлемге.

Жылуын күннің әкелем.

Табиғаттың төсіне тіршілігін сыйлаймын.

Жүргізуші: Амансың ба, Ару көктем? Біздің мерекемізге қош келдіңіз!

Көктем: Мынау менің құшағым толы қыр гүлін, гүлдей жайнаған қыздарға сыйлағым келіп отыр деп гүлдерді таратады. Осы гүлдей, құлпыра беріндер, аяулы аналар, әжелер, мерекелеріңіз құтты болсын!

Ару көктеммен гүлдер биі

Көктем: Ал жарайсыздар, қыздар! Мына жерде қарасам кішкентай сайқымазақтар бар екен, менің сайқымазақ досым бар. Мен сол сайқымазақ досымды шақырып келейін. Ол сендермен би билеп, ойын ойнайды, сендердің көңілдеріңді көтерсін. (Ару көктем залдан шығып кетеді)

Жүргізуші: Балалар, ару көктемнің сайқымазақ досы келгенше, біз кезекті әжелерімізге арналған тақпақтарға кезек берейік.

Тақпақтар:

Кәусар: Мені жақсы көреді,

Күндей күліп жүреді,

Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

Марат Дарын: Менің әжем мейірбан,

Мені жақсы көреді.

Әділ: Әже деген көп шығар,

Әжемдей жоқ шығар.

Ән: Әже, әжетайым

Музыка шығады

Тәрбиеші: Балалар бүгін біздің мерекеге тағы бір қонақ келе жатқан сияқты. Көңілді музыка ырғағымен Сайқымазақ кіріп келеді.

Сайқымазақ:

Жан - жағыма қарасам,

Қонақтар өте көп екен.

Ұлдар да көп, қыздар да көп

Апайларда мұнда көп

Мен сайқымазақпын,

Ақылыма көркім сай.

Ұнаймын жұрттың бәріне

Үлкенге де, кішіге.

Келіп қалдым мен бүгін,

Құттықтауға сіздерді.

Аналарды, қыздарды

Сүйікті әжелерді.

Тәрбиеші: Рахмет, саған Сайқымазақ!

Сайқымазақ: Мен билегенді жақсы көремін. Кім менімен билейді?

(Балаларды билету) **Би: «Клоун»**

Кәмпіттермен ойын

Жүргізуші: Сайқымазақ, рахмет саған! Балалардың көңілін көтеріп, керемет көңіл күй сыйладың. Ендеше біздің мерекеміз аяқталуға жақын. Мен құрметті аналарға, әжелерге бақыт, шаттық, балаларымызға жарқын болашақ тілей отырып, 8-наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Сайқымазақ: Иә, аналар,әжелер мерекесі құтты болсын!Мереке соңында мен кішкентай бүлдіршіндерге алып келген тәттілерімді берейін.
(Сайқымазақ балаларға кәмпит таратады) Балалар көңілді әуенмен сайқымазақпен бірге залдан шығып кетеді.

